| | |
|---|---|
| БЕКІТЕМІН<br>Мектеп директоры: __________Р.Ж  Кобиланов<br><br>«29» тамыз 2020 жыл | Педагогикалық кеңесте қаралды<br>Хаттама № 1<br><br>«29» тамыз 2020 жыл |

# Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебінің 2020-2021 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары

## Тәрбие жоспары бойынша жүргізілетін шаралардан күтілетін нәтижелер:

| | |
|---|---|
| 1. | Мектеп оқушыларының жоғары адамгершілік руханилығы, мәдениеттілігі, өзін-өзі танушылығын, салауатты өмір салтын, шығармашылық қабілетінің іске асырушылығын қалыптастыру үшін тиімді тәрбие жүйесін жасау; |
| 2. | Оқушылар арасында құқық бұзушылардың санын кеміту; |
| 3. | Мектеп оқушылары арасында темекі, есірткі және басқа да зиянды заттарды тұтынбау жөнінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу; |
| 4. | Оқу мен тәрбие үдерісінде ата-аналарды бірлескен іс-қимылға тартуға қарастырылған тәрбие құралдарын дамыту. |
| 5. | Балаларға әлеуметтік психологиялық және құқықтық қызметтердің тиімді жолдарын қарастыру. |

**Өткен оқу жылына талдау:** Тереңсай ЖОББМ бойынша 2019-2020 оқу жылында тәрбие жоспары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министерінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген тәрбие тұжырымдамасының 8 бағыты бойынша жасалды.
Әр сынып жетекшілерінің де тәрбие жоспары 8 бағыт бойынша жасалып бекітілген. Әрбір бағыт бойынша сынып сағаттары өткізілді.
Әдістемелік жұмыстар бойынша сынып жетекшілер бірлестігінің жоспары құрылып,жұмыс жүргізілуде.

**Қазақстан патриотизм және азаматтық тәрбие,құқық тәрбиесі бағыты** бойынша:қыркүйек айында «Саналы ұрпақ-жарқын болашақ»атты тақырыпта білім күні және азаматтық және патриоттық білім сабақтары 1-11 сынып оқушылары үшін тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Қазан айында « Мемлекеттік рәміздер –ұлт мақтанышы» тақырыбында 1-11 класс сынып оқушыларына арналған тәрбие сағаттары өткізілді. Қараша айында Президент күніне арналған іс –шаралар: тәрбие сағаттары, шығарма, мәнерлеп оқу байқаулары бөлек жоспар құрылып өткізілді.Желтоқсан айында «Егер мен президент болсам» байқауы 1 класс оқушыларының арасында ұйымдастырылды. Қ.Р. Тәуелсіздік күніне арналған шаралар «Қазақстанның мәңгілік жері-Ұлы дала Елі» ұжымдық шаралар бөлек жоспар құрылып өткізілді. Қаңтар айында «Қазақстанның жерлерінің географиясы»тақырыбында8-9 сынып оқушыларына география пәнінің мұғалімі Е.Дүйсеналиевтің ұйымдастыруымен зерттеу сабағы өткізілді. Сынып жетекшілердің ұйымдастырумен «Батырлардың ерлігіне жүрегіңмен жақында» тақырыбында кеш өткізілді.Ақпан айында «Абайдың нақыл сөздері-рухани адамгершілік тәрбиенің көзі»атты тақырыпта 1-11 сынып оқушылары үшін тәрбие сағаттары өткізілді. Наурыз айының 7-жұлдызында Қазақстан Ассамблеясының 25 жылдығына орай «Қазақстандық толеранттылық үлгісі»тақырыбында өзге ұлттар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.Сәуір айында 10-11 сынып оқушылары үшін «Менің Отаным Қазақстан»тақырыбында онлайн патриоттық челлендж өтті.Мамыр айында Ұлы Жеңістің 75 жыл толуына орай «Сап түзе ,жас Ұлан патриоттық онлайн байқауы өткізілді.
**Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие бағыты** бойынша 13.09.19 жылы «Бақытты балалық шақ»жазғы демалыс кезінде лагерьге барған оқушылармен дөңгелек үстел өтті. «Мектепке жол қамқорлық» акциясы ұйымдастырылды..Мектепке жол акциясына ауыл азаматтары белсене қатысты.Жалпыреспубликалық «Адалдық сағаты» өткізілді.

«Қайырымдылық жасампаз күш»тақырыбында 3-4 сынып аралығында әңгіме өткізілді.»Мейірмандық –адамның барлық адамгершілігіне түрткі болатын негіз»тақырыбында әңгіме және кітап бұрышы ұйымдастырылды.

Ұлттық тәрбиебағыты бойынша «Мемлекеттік тілді латын әліпбиіне көшіру»тақырыбында 5 қыркүйек күні тіл мерекесі өткізілді.

«Қарттарым асыл қазынам»тақырыбында 1-11 сыныптың ұйымдастыруымен сынып жетекшілері қарттарға мерекелік концер ұйымдастырды. «Өз жеріңді таны»тақырыбында 5-7 сынып оқушылары үшін жоба өткізілді. «Отбасы мен мектеп бірлігі,болашақ ұрпақ тірегі»тақырыбында ата-аналарға арналған үш күндік жоспарлынып ,ата-аналар ашық есік күніне белсене қатысты.

**Отбасылық тәрбие бағыты** бойынша «Отбасы-бақыт мекені»тақырыбында ата-аналарға арналған онкүндік шарала ұйымдастырылды. «Жазда жанұямызбен»тақырыбында жас ата-аналар фесиваль фото байқауы өткізілді..

**Еңбек,экономика және экологиялық тәрбие бағыты** бойынша «Экомәдениет мектеп партасынан басталады»тақырыбында 5-7 сынып оқушылары арасында экочеллендж жобасы өткізілді. Қазан айында «Алтын күз»мерекесіне арналған апталық өткізілді.

Мамыр айында 1-11 сынып оқушылары мектеп ауласын көгалдандыру мақсатында «Түлектер аллеясына ағаштар отырғызды,сонымен қатар гүлдер егілді.

**Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие бағыты** бойынша «Абай –өз халқының және барша адамзаттың баласы»тақырыбында 1-11 сынып оқушылары үшін тәрбие сағаттары өткізілді. «Ұстазым менің,ұстазым!»тақырыбында 1-11сынып оқушылары мерекелік концерт өткізді.Тұңғыш Президент күніне орай «Жас Ұлан», «Жас қыран»ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өткізілді.

«Жаңа гуманитарлық білім»тақырыбында 6-7 сынып оқушылары арасында білімпаздар байқауы өткізілді. 1-11 сыныптың ұйымдастыруымен онлайн мерекелік құттықтаулар өткізді.

**Зияткерлік тәрбие,ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағыты** бойынша «Абай –өз халқының және барша адамзаттың баласы»тақырыбында әдеби оқулар байқауы өтті.Қараша айында мектепішілік 5-11 сынып оқушылары үшін «Жайдарлы жайдарман»ойыны ұйымдастырылды. Желтоқсан айында 1-4 сынып оқушылары үшін «Кішкентай жұлдыздар»өнер байқауы өткізілді. 1-11 сынып оқушылары үшін жаңа жылдық мереке ұйымдастырылды.Қаңтар айында «Жүрек тілімен өткізілетін физика»тақырыбында 7-8 сынып аралығында викторина өткізілді.9-11 сынып оқушылары арасында «XXI ғаыср көшбасшысы»интеллектуалды ойын өткізілді.

**Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты бағыты** бойынша қыркүйек айында «Денсаулық фестивалі-2019»спорттық шара ұйымдастырылды.

1-11 сынып оқушылары үшін және мектеп ұжымы арасында күзгі кросс өткізілді.»19 қараша Дүниежүзілік темекіден бас тарту»күніне орай 1-11 сынып оқушылары үшін денсаулық сабақтары өткізілді. «ЖҚТБ-ғасыр індеті»тақырыбында мектеп медбикесі оқушыларға дәрістер оқыды.7 сәуір Дүниежүзілік денсаулық күніне орай оқушыларға онлайн форматында түсініктер жүргізілді.

| | |
|---|---|
| - | ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген, ҚР өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері. |
| - | 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 355 бұйрығы; |
| **Негізгі әзірлеуші**: | Тереңсай жалпы орта білім беретін мектеп әкімшілігі |
| **Мақсаты**: | Мектепте тәрбие жұмысының бірыңғай жүйедегі инновациялық бағыттағы жұмыстарын ұйымдастыру, алгоритмге сәйкес жұмыстар жүргізу; |
| - | Мектепте көшбасшылық қасиеттері бар, жаңа демократиялық қоғамда өзін-өзін басқару арқылы өмір сүруге қабілетті азаматтар және патриоттарды тәрбиелеуді іске асыру; |
| - | Балалар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтар профилактикасының маңыздылығына мән беру; |
| | Балалардың ақпараттық қауіпсіздігі, киберқауіпсіздік мәселесіне назар аудару; |
| - | Отбасы құндылықтарының тәрбиелік маңыздылығын арттыру |
| - | Мектепте құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. |

| | |
|---|---|
| **Міндеттері**: | ҚР рәміздеріне құрметпен қастерлеуге дағдыландыру; |
| - | Балалар мен оқушы жастардың ұлтаралық және этникалық мәдени қарым-қатынастарын жетілдіру |
| - | Есірткілер мен басқа да зиянды заттарды қабылдауды болдырмаудың алдын алудың шараларын жетілдіру |
| - | Балалар мен жасөспірімдер арасындағы діни сауаттылықты қалыптастырып, діни экстремизмнің алдын алу |
| - | Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында қосымша білім беру ұйымдары мен мектепішілік үйірмелермен бірлескен жұмыстарды үйлестіру |
| - | Педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін көтеру |
| - | Ата-аналардың білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмысына қатысу құқығын жүзеге асыру, педагогтармен қарым-қатынастарының тиімді жүйесін қалыптастыру |
| - | Балалар қоғамдық бірлестіктерінің азаматтық және шығармашылық қызметтерінің әртүрлі үлгілерін жасау, балалар мен жасөспірімдердің бастамаларын дамыту және қолдау. НЗМ-нен ендірілген тәжірибелерді жетілдіру |
| - | Мектептің оқу-тәрбие үдерісінде тәрбиенің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету. |

## Мазмұны

1. Тәрбие жоспарының төлқұжаты

2. Мақсаты және міндеттері

3. Іске асыру механизмі

4. Күтілетін нәтижелер

5. Тәрбие жұмыстарының жай-күйіне талдау

6. Мектептегі тәрбиенің басым бағыттарының іс-шаралары

**2020-2021 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының іс-шаралар жоспары**

## ТӨЛҚҰЖАТЫ

| **Атауы:** | 2020-2021 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының іс-шаралар жоспары |
|---|---|
| **Әзірлеу үшін негізі:** | Қазақстан Республикасының Конституциясы; |
| - | Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы»; |
| - | «Бала құқықтары туралы» БҰҰ конвенциясы; |
| - | Қазақстан Республикасының «Бала құқығы туралы» Заңы; |
| - | Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы-2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»; |
| - | «Неке(ерлі-зайыптылық)және отбасы туралы» ҚР-ның 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IҮ Кодексі (2014.17.11.берілген өзгертулер мен толықтыруларымен); |
| - | «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы №483-IҮ Заңы; |
| - | Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы.Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 ж 30 мамырдағы №577 жарлығымен бекітілген; |
| - | ҚР 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы.Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығымен бекітілген; |
| - | Қазақстан Республикасында СПИД-тің алдын алу және және онымен күрес жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 13 ақпан №1993; |
| - | «Қазақстан 2020: болашаққа жол» ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы №191 Қаулысымен мақұлданған; |
| - | 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат; |
| - | ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; |
| - | «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңы ; |
| - | Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; |
| - | «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы, 2019-2024 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; |
| - | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; |

# Қыркүйек

| Мерзімі | Әкімшілік ұйымдастыру жұмыстары | Оқушылармен өткізілетін жұмыстар | Тәрбие жұмысының бағыттары | Ата– аналармен өткізілетін жұмыс | Тәрбие ісін педагогикалық мәліметтік методикалық жағынан қамту | Қоғамдық ұйымдармен жүргізілетін жұмыстар | Мектепішілік бақылау мен басқару |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| I апта 01.09-05.09 | «2020-2021оку жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оку процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» тақырыбында сынып жетекшілер онлайн семинары Жауапты: Тәрбие ісі орынбасары 04.09.2020ж | Білім күніне арналған бірыңғай тәрбие сағатары<br><br>1-4класс Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы<br><br>5-8 класс Әбу Насыр Әл –Фарабидің 1150 жылдығы<br>9-11 класс ҚР –ның Конституциясының 25 жылдығы<br>Жауапты:Тәрбие ісі орынбасары | Жаңа Қазакстандық патриотизм және азаматтық тәрбие | Оқушылардың үйлеріне бару, ата–аналарымен әңгімелесу, тұрмысы ауыр, қолайсыз жанұяларды анықтау<br>Жауапты: сын жет, Психолог-Әлеуметтік педагог | Оқушылардың әлеуметтік педагогикалық паспортын жасау<br>Жауапты :Әлеуметтік педагог,<br>Сынып жетекшілер | Қоғамдық ұйымдардың іс-шара жоспарын құру<br>«Жас ұлан»,<br>«Жас қыран »,<br>«Адал ұрпақ»<br>Жауапты: Тәрбие ісінің орынбасары<br>Тәлімгер | Педагогикалық кеңес<br><br>Әлеуметтік көмек алатын отбасы жайлы |
| II апта 7-12 | Сынып жетекшілердің тәрбие жоспарын тексеріп, мектеп директорының бекітуіне ұсыну<br>Жауапты: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары 09.09.2020 ж дейін | «Отбасы –бақыт мекені» апталықтың іс-шарасын бекіту.<br><br>денсаулық күніне орай челлендж<br>Жауапты: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мектеп тәлімгері | Құқықтық тәрбие<br><br>Отбасы тәрбиесі<br><br>Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты | «Бала тәрбиесі-басты назарда» тақырыбында ата-аналар жиналысын кестеге сәйкес өткізу<br>Жауапты: сын жет<br>Апта ішінде<br>06.09.2020 дейін | Сынып жетекшілерінің диагностикалық картасын жасау.<br>Жауапты:тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сын жет | | |
| III апта 14-19 | «Көп оқып, көп білуге ұмтыл!» (мектеп оқушылары оқуға міндетті 30 кітап) жобасын насихаттау жұмыстары<br>Жауапты: кітапханашы | Тілдер мерекесіне байланысты «Тіл - ұлттық құндылық» тақырыбында апталық өткізу.<br>Жауапты:қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі<br>«100 кітап» жобасы аясында аясында «Жасұлан сағаты» | Рухани-адамгершілік тәрбиесі | | | | |
| IY апта 21-26 | Түнгі кезекшілікті кезекшілікті ұйымдастыру | «Қазақ әндерінің жобасы» әлеуметтік жобасы<br>Жауапты: Музыкалық жетекші | Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық | | «Мектепке жол» акциясын қорытындылау | - | Директор жанындағы отырыс |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 28-30 | | | тәрбие<br><br>Рухани-адамгершілік тәрбие | | Ж: Әлеуметтік педагог 30.09.2020ж | | |

## Қазан

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| I апта 01-03 | Сыныптардағы спорт секциялары мен үйірмелерге қатысатын оқушылардың есебін алу Жауапты: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сын. жет 01.10.2019 ж дейін | «Ұстазым, менің, ұстазымІ » мерекелік онлайн концерт Жауапты:1- 11сынып жетекшілері<br>Ұстаздар күніне арналған қабырға газетін дайындау. Жауапты: кітапханашы<br><br>1 казан- карттар күніне құттықтау бейнерлоиктер дайындау Жауапты: «1-11 сыныптар»<br><br>«Мәңгілік Ел болу-мұратымыз!» патриоттық әндер өткізу Жауапты:музыкалық жетекші | Рухани-адамгершілік тәрбие<br><br>Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие | | | Ұстаздар күніне орай қоғамдық ұйымдар мен аудандық іс шараға қатысу<br><br>«Мерекеңмен, ұстазымІ» құттықтаулар ұйымдастыру Жауапты: «Жас Ұлан» ұйымы 02.10.2020 ж | Оқушылардың сабаққа қаты-суының айлық қорытындысын шығару |
| II апта 5-10 | «Мейірімділік» Тренинг Жауапты: психолог 05.10.2020 ж | «Заңға мойынсұнушылық – дұрыс мінез-құлықтың бастауы» Пікіралысу (9-11 сын-р) Жауапты: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары 09.10.2020ж | Құқықтық тәрбие<br><br>Отбасы тәрбиесі | | | «Жат діни ағымнан сақ болайық!» ақпарат беру 9-10 сыныптар 10.10.2020ж Жауапты: құқықтық оқытуды ұйымдастырушы | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| III апта 12-17 | | «Ұялы телефонның мүмкіндігі: пайдасы мен кері әсері» талқылау<br>Жауапты тәлімгер 13.10.2020ж<br><br>«Есірткі-адамның қасы, аурудың басы» пікірталас<br>Жауапты: медбике16.10.2018ж | Интернет кеңістігіндегі мінез- құлық мәдениетіне, киберқауіпсіздік мәдениетіне тәрбиелеу<br><br>Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты. | | Тәрбие жұмыстарының нормативтік құжаттарын реттеу<br>Ж: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары<br>15.10.2020 ж дейін | «Адалдық пен парасаттылық-азаматтықтың белгісі» дөңгелек үстел<br>Жауапты: «Адал ұрпақ» ұйымы Тәлімгер<br>17.10.2020ж | 5,6- сыныптар-дағы тәрбие жұмысының жүру барысын тексеру. |
| IY, апта 19-24<br><br>26-31 | Оқушылардың күзгі каникулы күндерінің іс-шаралар жоспарын жасап және бекіту<br><br>«5-7 сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек» ата-аналарға кеңес беру<br>Жауапты: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары психолог | «Табиғат таңғажайыптары» көрме өткізу.<br>5-8 сыныптар<br>Жауапты: тәлімгер, сын. жет., 27.10.2019ж | Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие<br><br>Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие<br><br>Отбасы тәрбиесі | | Ата-аналарды тәрбие сағаттарына қатыстыру «Оқу-тәрбие үдерісіндегі құндылықтар жүйесі» **онлайн** түрінде өткізу<br>28.10.2020 ж<br>Сынып жетекшілердің тоқсандық қорытындыларын жинақтау<br>Жауапты: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары<br>31.10.2020 ж | | |

# Қараша

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| I апта 02-04 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін талдау.<br>Жауапты:тәрбие ісі жөні орынбасары<br>02.11.2020ж | Жасөспірімдер инспекцисымен бірлескен құқықбұзушылықтың және діни-экстремизмнің алдын алу мақсатында сыныптарда түсінік жұмыстарын жүргізу, қолхаттар алу<br>Жауапты 3-11-сынып жетекшілері<br><br>***«Ата-ананың жұмыс орнындағы 3 күн»*** әлеуметтік жобасы 8-10 сыныптар<br>Жауапты: сынып жетекшілер<br>03.11.2020 | Құқықтық тәрбие<br><br>Отбасы тәрбиесі | Барлық сыныптарда ата-аналар жиналысын өткізу<br>Жауапты: сын. жетекшілер<br>Апта ішінде<br><br>«Әке-отбасының алтын діңгегі»<br>Жауапты:Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары<br>Мектепішілік<br>ата – аналар жиналысы<br>1. I оқу тоқсанының қорытындысы<br>2. Жасөспірімдер ара-сындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу.<br>3Ағымдағы мәселелер<br>Жауапты: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | Сынып жетекшілерінің тоқсандық жұмыстарына талдау жасау<br>Жауапты. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары<br>2-4.11.2020ж | | 7,8- сынып-тардағы оқушылар дың тәрбие жұмысы ның жүру барысын тексеру |
| II апта 16-21 | | **«Экстремизм-қоғамға төнген қатер!»** дін өкілдерімен кездесу 8-10 сыныптар.<br>Жауапты: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары18.11.20ж<br><br>«Әдептілік-әдемілік» апталығы (2-7 сынып оқушылары)<br>16-21.11.2020ж<br>Жауапты: тәлімгер | Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі | Ата-аналар кеңесінің отырысын өткізу.<br>1.Мектепішілік есепке алынған балалармен, олардың ата-аналарымен жұмыс.<br>2.Ата-аналар конференциясы<br>3.8-9 сынып оқушыларының ата-аналаарына психологиялық көмек<br>Жауапты: психолог.<br>18-20.11.2020ж | Салауатты өмір салты орталығының шараларына сынып жетекшілерді қатыстыру, тәжірибе алмасу.<br>Жауапты: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары<br>Апта ішінде | Аудандық кәмелетке толмағандар бөлімінің ювиналдық полиция бөлімімен байланыс жасап, құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты пікір алысу<br>Жауапты: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары<br>16.11.2020ж | Оқушылар-дың күнделік терінің жүргізілуін тексеру |
| III апта 23-28 | «5-сынып дегеніміз не?» сынып жетекшілерге арналған тренинг<br>Жауапты: психолог | Сауалнама<br>«Құқық пен міндет туралы не білесің?»<br>Жауапты:Психолог | Құқықтық тәрбие | Отбасылық оқу сайысы<br>Жауапты: кітапханашы<br>24.11.2020ж | | Мектептегі спорт үйірмелерінің жұмысына талдау жасау | |

# Желтоқсан

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| І апта<br>1-5 | | «1 желтоқсан- Дүние жүзілік СПИД – ке карсы күніне» байланысты «ЖИТС – тен сақтанI» атты тақырыпта жазба жұмыстарын алу, тәрбие сағаттарын өткізу.<br>Жауапты: ТЖО, сын. жет.<br>01.12.2020ж | Дене тәрбиесі салауатты өмір салты | | | | 9- сынып-тардағы тәрбие жұмысының жүргізілуі<br>Жауапты: ТЖО<br>4.12.2020ж |
| ІІ апта<br>7-12 | «Тәуелсіздік – елімнің жарқын болашағы»16 желтоқсан Тәуелсіздіктің 29 жылдығына орай көрме<br>Жауапты: кітапханашы | «Тәуелсіздік – елімнің жарқын болашағы» әдеби-сазды кеш<br>Жауапты: тәлімгер<br>12.12.2020ж | Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие | Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас<br>08.12.2020ж | - | | |
| ІІІ апта<br>14-19<br>. | Сынып жетекшілерден оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы атқарылған жұмыстардың қорытынды есебін алу | | Рухани – адамгершілік тәрбиесі | | | «Ұланымын елімнің» «Жас ұланға» және «Жас Қыранға» қабылдау<br>Жауапты: тәлімгер<br>14.12.20 ж | |
| ІY апта<br>21-26 | Оқушылардың қысқы демалыс күндерінің іс-шаралар жоспарын жасап бекіту<br>Жауапты: ТЖО<br>25.12.2020ж | | Көркем-эстетикалық тәрбие | Мұз алаңын безендіру | Сынып жетекшілерінің І - жарты жылдықтағы есебіне талдау жасау<br>Жауапты: ТЖО<br>28.12.2020ж | | Директор жанындағы кеңес<br>1.Сынып жетекшілерінің І жарты жылдық бойынша есебі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 23.11.2020ж | 25.11.2020ж | | | | Ж: ТЖО<br>23.11.2020ж | |
| IY апта 30 | «Бір ел-бір кітап» акциясы аясында Б.Момышұлы «Ұшқан ұя» кітабы бойынша оқырмандар конференциясын өткізу<br>Жауапты:кітапханашы<br><br>«Елімен бірге Елбасы»<br>1 желтоқсан-Тұңғыш Президент күні мен 16 желтоқсан -Тәуелсіздік күніне орай іс-шаралар жоспарын бекіту<br>Жауапты: ТЖО | 1 желтоқсан - СПИД-ке қарсы күрес күніне байланысты іс – шаралар жоспарын жасап бекіту.<br>Жауапты: ТЖО<br><br>«АИТВ/ЖИТС - қауіпті дерт» Салауатты өмір салты орталығы мамандарын қатыстыра отырып дөңгелек үстел өткізу<br>Жауапты: ТЖО, тәлімгер<br>30.11.2020ж<br><br>«Ақылды бейсенбі» жобасы аясында «Абай тағылымы-ұрпаққа үлгі» тақырыбында пікірталас<br>30.11.2020<br>Жауапты: тәлімгер | Отбасы тәрбиесі<br><br>Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты<br><br>Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі<br><br>Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие | «Сабыр, шыдам, төзім – жақсылыққа жетелейді» – ток-шоуы<br>«Ақжүніс» қыздар ұйымы<br>30.11.2020ж<br><br>Ата-аналарды мектепішілік тәрбиелік шараларға қатыстыру (апта бойы) | | | Оқушылардың сабаққа қатысуын, айлық қорытындысын шығару |

# Қаңтар

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| І апта 4-9 | Сынып жетекшілерінің отырысын өткізу<br>1. Жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты атқарылған жұмыстар. Мектепішілік есептегі балалармен жұмыс.<br>Ж: сын.жетекшілер<br>2. Мектеп партасында отырған мүмкіндігі шектеулі балалармен жүргізілген әлеуметтік жобаның қорытындысы .<br>06.01.2021ж | Қысқы каникул күндерінің іс-шаралар жоспарна сәйкес жұмыстар жүргізу<br>Ж: ҚББП, сын жет., д/ш пәні мұғалімдері<br><br>«Қазақстан Отаным, Әлем білген атағын» дөңгелек үстел.<br>Ж: шаңырақ қауымдастығы топтары<br><br>«Мәңгілік Ел» мұратымыз, Тәуелсіздік тұмарымыз» шаңырақ топтары<br>Оқушылар арасында жас ақындар мүшәйрасы<br>Ж: кітапханашы<br>07.01.2021ж | Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие<br><br>Құқықтық тәрбие | Мектепішілік ата – аналар жиналысын өткізу<br>1. 2019-2020 оқу жылының бірінші жарты жылдығының қорытындысы<br>2. Ата-аналар назарына: Құқықбұзушылықтың, нашақорлықтың,зиянды заттардың алдын алу жолдары (психолог кеңесі)<br>3. 11- сынып оқушыларының ҰБТ-ге дайындығының барысы туралы<br>Ж: ТЖО<br>09.01.2021ж | Сынып оқушыларының тәрбиелік деңгейін қалыптастыру жұмыстары туралы мәлімет жинау<br>Ж: ТЖО<br>08.01.2021дейін | | |
| ІІ апта 11-16 | | «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі» тәрбиелік шара<br>1-4 сыныптар<br>Ж: «Жас Қыран» ұйымы<br>11.01.2021ж | Дене тәрбиесі салауатты өмір салты | «Ақжүніс» қыздар ұйымының отырысын өткізу.<br>Н.Есбосынның «Сырласу» кітабын талқылау<br>16.01.2021ж | - | - | |
| ІІІ апта 18-23 | | «Мен жасаған ойыншық» қолөнер бұйымдарынан көрме<br>Ж: шаңырақ қауымдастығы топтары 21.01.2021ж | Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие | | Діни экстремизмнің алдын алу бағытындағы сауалнама алу<br>25.01.2020ж | Аудандық жол полициясы қызметкерлерімен пікір алысу<br>Ж: ТЖО<br>23.01.2020ж | сынып тарда тәрбие сағаттары ның жүргізілуін бақылау |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | «Әлеуметтік желідегі әдеп әлемі» дөңгелек үстел<br>Ж: шаңырақ қауымдастығы топтары<br>22.01.2021ж<br><br>«Ертеңінді ойласаң-есірткіге жолама» (дөңгелек стол)<br>Ж: шаңырақ қауымдастығы топтары<br>23.01.2021ж | Интернет кеңістігіндегі мінез- құлық мәдениетіне, киберқауіпсіз дік мәдениетіне тәрбиелеу<br><br>Дене тәрбиесі салауатты өмір салты | | | | |
| IY апта 25-30 | «Бала бойындағы ашу ызамен не істеу керек?» жоғарғы сынып жетекшілерімен тренинг жүргізу<br>Ж: психолог | «Ауылым-алтын бесігім» Суретшілер байқауы<br>26.01.2021ж<br>Ж:«Жас Қыран» ұйымы<br><br>«Ақылды бейсенбі» жобасы аясында «Нағыз қазақ-Домбыра» үйірме жұмыстары<br>Ж: «шаңырақ қауымдастығы топтары<br>30.01.2021 ж | Көркем-эстетикалық тәрбие<br><br>Отбасы тәрбиесі<br><br>Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие | «Ұлағат» әкелер кеңесінің отырысы «Отбасым-бақыт мекенім»<br>Ж: Әлеуметтік педагог<br>27.01.2021ж | | - | |

# Ақпан

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| I апта 1-6 | Мектеп психологтарының сыныптардағы жеке окушыларға жүргізген зерттеу жұмыстарының қорытындысы<br>Ж: психолог 01.02.2021ж | «БАҚ-ның қоғамдағы ролі» пікірталас<br>Ж: шаңырақ қауымдастығы топтары<br>03.02.2021ж | Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі | | | | |
| II апта 08-13 | | Окушыларды мамандыққа баулу апталығын өткізу.<br>1.«Ұстаздықтың ұлы келбеті» ардагер-ұстаздармен кездесу кеші 11.02.2020ж шаңырақ қауымдастығы топтар<br>2.«Кәсіпті нәсіп еткендер» кездесу өткізу.<br>12.02.2021ж.<br>Ж: шаңырақ қауымдастығы топтары<br><br>1. «АИТИ технологиялар әлемінде» атты презентациялар өткізу. 13.02.2021ж<br>2. Ж: шаңырақ қауымдастығы топтары «Табиғат-сенің өз үйің» Эссе жазу<br>Ж: шаңырақ қауымдастығы топтары<br>13. 02.2021ж | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие | Окушыларға кәсіптік бағдар беру барысында ата-аналармен кездесу<br>Ата-аналарды мектепте өтетін шараларға қатыстыру<br>Ж: сын. жетекшілер<br>(Апталық барысында)<br><br>«Әлеуметтік тұрғыдан жағдайы төмен отбасы балаларын психологиялық қолдау» кеңес беру<br>Ж: ТЖО,Әлеуметтік педагог,психолог,сын.жетекшілер<br>10.02.2021 | | Орталық кітапханамен байланыс жасау<br>Ж: кітапханашы<br>12.02.2021ж | 11- сынып тарда тәрбие жұмысының жүру барысын тексеру |
| III апта 15-20 | Сынып жетекшілерінің партфолиосын толықтыру<br>Ж: сын. жетекшілер<br>Апта бойы | «Балалар әлеміндегі игі істер!» әлеуметтік жобасы аясында «Ауғаныстан ақиқаты» тақырыбында Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу кешін өткізу<br>Ж: шаңырақ қауымдастығы топтары<br>15.02.2021ж<br>«Нашақорлық пен маскүнемдіктің себептері мен салдары» пікір талас.<br>10-сыныптар Ж: тәлімгер<br>20.02.2021ж | Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие<br><br>Құқықтық тәрбие | Мектеп партасында отырған мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарымен пікірлесу<br>Ж: психолог<br>17.02.2021ж | - | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| IY апта 22-27 | | «Хантәңірінің мұзбалағы» М.Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған поэзия кеші Ж: кітапханашы 22.02.2021ж<br><br>«Балалар әлеміндегі игі істер» әлеуметтік жобасы аясында «Қайырымдылық-керуені» қайырымдылық шарасы Ж шаңырақ қауымдастығы топтары 25.02.2021ж | Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие<br><br>Отбасы тәрбиесі<br><br>Рухани-адамгершілік тәрбие | «Ұлағат» әкелер кеңесінің отырысын өткізу. «Мен отбасыммен мақтанамын!» балалардың ой толғауы Ж: ТЖО 27.02.20.21ж | - | - | |

## Наурыз

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| I апта 01-06 | 8 наурыз мерекесінің іс-шара жоспарын бекіту Ж: ТЖО 02.03.2021ж ҚЖИ-ның байқауына дайындық шараларын жасау 02.03.2021ж Ж: ТЖО, тәлімгер | «Қыздарға жарасады әдемілік» қыздар байқауын өткізу Ж: «Акжүніс» ұйымы Ж: тәлімгер 05.03.2021ж | Ұлттық тәрбие | Аналарды мерекелік шараға шақыру ата – аналарды көктемгі көгалдандыру жұмыстарына тарту | | | Мектепішілік есептегі балалармен жүргізілген жұмыстар қорытындысы |
| II апта 09-13 | Сынып жетекшілер секциясының отырысын өткізу. Ж: бірлестік жетекшісі 0103.2021ж | «Аналарға мың тағзым » атты мерекелік кеш өткізу Ж: «Азамат» ер балалар ұйымы 09.03.2021<br><br>«Балалар әлеміндегі игі істер» әлеуметтік жобасы аясында «Мейірімді болса жүрек, орындалар тілек!» мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған қайырымдылық акциясы Ж: шаңырақ қауымдастығы топтары әлеуметтік педагог | Рухани – адамгершілік тәрбиесі<br><br>Рухани-адамгершілік тәрбиесі | «Тербелген татулықтың бесігінде» атты жанұялық сайыс өткізу. Ж: тәлімгер.<br><br>10.03.2021ж | «Тәжірибе алмасу—жаңашылдыққа ұмтылу» ашық есік күнін ұйымдастыру | | Оқушылар-дың күнделікте-рінің жүргізілуін тексеру Ж: ТЖО Апта бойы |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | «Діни экстремизмнің алдын алу бағытындағы» сауалнамалар алу<br>(7-10 сыныптар)<br>Ж:психолог | Құқықтық тәрбие | | «Жемқорлық-қауіпті дерт» дөңгелек үстел<br>«Адал ұрпақ» ұйымы<br>12.03.21 ж<br>Ж: құқықтық оқытуды ұйымдастырушы | | |
| III апта 15-20 | 22 наурыз мерекесінің іс шара жоспарын бекіту<br>Ж: ТЖО<br>16.03.2021ж | «Жылдың басы, жердің басы - Наурыз » атты мерекелік кеш өткізу<br>Ж: шаңырақ қауымдастығы топтары шаңырақтары<br>19.03.2021ж<br><br>Мекп оқушылары оқуға міндетті 30 кітап акциясы аясында «Кітап – құнды қазына»<br>5-11 сынып оқушыларының апталығы | Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие | «Ұлағат» әкелер кеңесінің отырысын өткізу.<br>«Отбасындағы адамгершілік құндылықтары»<br>Ж: өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі<br>18.03.2021ж | | Шаңырақ жетекшілерімен кездесу<br>Ж: ТЖО<br>17.03.2021ж | |
| IY апта 22-31 | Көктемгі каникул күндерінің іс-шаралар жоспарын бекіту<br>Ж: ТЖО<br>18.03.2021ж<br><br>«Үздік сынып жетекшісі – 2021» байқауын өткізу<br>Ж: ТЖО 26.03.2010ж | «Қазақтың 100 әні» жобасы аясында «Мен –Патриотпын!» патриоттық әндер байқауы<br>2-10 сыныптар<br>Ж: тәлімгер<br>Ж:музыка жетекшісі | Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі | Мектепішілік ата – аналар жиналысын өткізу<br>Ж: ТЖО | | | Мектеп психологтары ның жұмысын бақылау<br>Ж: ТЖО<br>Апта бойы |

## Сәуір

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| I апта 1-3 | Сынып жетекшілердің тәрбие сағаттарына қатысу<br>Ж: ТЖО (апта бойы) | Мектеп оқушылары оқуға міндетті 30 кітап акциясы аясында «Балаларға базарлық!» тақырыбында 1-4-сынып оқушылары арасында букросинг өткізу<br>Ж: кітапханашы<br>01-04.04.2021ж | Рухани-адамгершілік тірбие | | | МАИ қызметкерлерімен байланыс<br>Ж: ТЖО<br>(Апта ішінде) | 5- 7сынып тағы жүргізілген тәрбие жұмысы ның қорытынды сын тексеру |
| II апта 5-10 | | «12 сәуір-ғарышкерлер күні» көрме<br>Ж: Кітапханашы<br>10.04.2021ж | Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие | Мектепішілік есепте тұратын оқушылардың ата-аналарымен пікірлесу<br>Ж: ТЖО<br>6.04.2021ж | Сынып жетекшілер портфолиосының көрмесін ұйымдастыру<br>Ж: ТЖО<br>09.04.2021ж | Қосымша үйірмелермен байланыс<br>Ж: тәлімгер | Қоғамдық ұйымдар жұмысы ның қорытынды сы |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| III апта 19-24 | Мектеп шағын ауданын-дағы ардагерлерге құрмет көрсету көмек ұйымдастырудың іс-шарасын бекіту<br>Ж: тәлімгер<br>09.04.2021ж | «Зиянды заттар зардабы» дөңгелек стол.<br>Ж шаңырақ қауымдастығы топтары 18.04.2021<br><br>«Құқықтық мәдениет – дамыған өркениет» пікірталас 8-11 сыныптар<br>Ж: «Азамат» ер балар ұйымы 18.04.2021ж | Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты<br><br>Құқықтық тәрбие | Ата-аналарды мектептегі тәрбиелік шараларға қатыстыру<br>Ж: сын. жетекшілер<br>(апта бойы) | - | «Жас ұлан» ұйымының есеп беру кеші.<br>Ж: тәлімгер<br>(апта ішінде) | |
| IY апта 26-30 | 1 мамыр- Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесіне іс-шаралар жоспарын жасап бекіту<br>Ж: ТЖО<br>29.04.2021ж | «Қазақстан-бақыт мекені» шаңырақ сағаттар шеруі.<br>Ж: тәлімгер<br>24-28.04.2021ж | Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие | «Ұлағат» әкелер кеңесінің отырысы «Отбасындағы әкенің ролі»<br>Ж: ТЖО | Мектеп ауласында сенбілік ұйымдастыру<br>Ж: ТЖО, сын. жет.<br>24.04.2021ж | | |

## Мамыр

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| I апта 3-8 | Ұлы Жеңістің 76 жылдығына байланысты іс-шаралар жоспарын жасап бекіту.<br>Ж: ТЖО<br>03.05.2021ж | «Жарық жұлдыз» атты патриоттық әндер байқауы<br>Ж: тәлімгер<br>5.05.2021ж<br>«Сап түзе, жас сарбаз!» атты әскери спорттық сайыс<br>Ж: АӘД пәні мұғалімі<br>6.05.2021ж | Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие | | | | |
| II апта 10-15 | Сынып жетекшілердің отырысы.<br>Ж: ТЖО<br>12.05.2021ж | Ұлы Отан соғысының 76 жылдық мерекесіне байланысты «Отты жылдар елесі...» атты соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесу кешін өткізу.<br>Ж: шаңырақ қауымдастығы топтары шаңырақтары<br>12.05.2021ж | | | - | Соғыс және тыл ардагер-лерімен байланыс<br>Ж: тәлімгер | |
| III апта 17-22 | | 4-сыныптардың бастауыш мектеппен қоштасу кешін өткізу.<br>Ж: сынып жетекшілері | Көркем-эстетикалық тәрбие | «Әдеп пен әдет» ой-талқы<br>19.05.21ж<br>Ж: «Ақжүніс» қыздар ұйымы | | | Сынып жетекшілері нің жылдық жұмысының қорытынды сын тексеру<br>Ж: ТЖО<br>(апта ішінде) |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| IY апта 24-29 | 31 мамыр- Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған аудандық іс – шараларға қатысу.<br>Ж: ТЖО | «Сыңғырла, соңғы қоңырау!» атты тақырыпта соңғы қоңырау мерекесін өткізу<br>25.05.2021 ж<br>Жеңімпаз шаңырақты анықтау *«Туған жерге тағзым»* жобасы аясында Түркістан каласына саяхат<br>Ж: ТЖО<br><br>Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне байланысты өткізілетін аудандық деңгейдегі шараларға катыстыру<br>Ж: ТЖО<br>30.05.2021ж | Рухани – адамгершілік тәрбиесі<br><br>Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі<br><br>Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие | «Ұлағат» әкелер кеңесінің отырысы «Балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру»<br>Ж: ТЖО | | - | |

## Маусым

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| I апта 1-5 | 1 Маусым -Балаларды қорғау күніне байланысты «Бақытты балалық шақ » атты шара өткізу.<br>Ж: ТЖО ,Лагерь басшысы<br>03.06.2021ж<br>Мектеп жанынан күндізгі лагерьді ұйымдастыру<br>Ж:ТЖО | Мектеп жанындағы күндізгі тынығу лагерін ұйымдастыру<br>Ж: лагер басшысы<br><br>02.06-20.06/2021ж | | - | Лагерді талапқа сай дайындау | Аудандық шараларға қатысу | Ағымдағы жұмыстар |
| II апта 07-12 | Түрлі тынығу лагерлеріне балаларды жіберуді ұйымдастыру<br>Ж: ТЖО, сын жет | Аудан сыртындағы және басқа облыстардағы лагерге оқушыларды шығарып салу<br>Ж: Әлеуметтік педагог (кестеге сәйкес)<br>11- сынып түлектерінің салтанатты кешіне дайындық<br>Ж: мектеп әкімшілігі<br>Сын жетекшілер | | | | | Әлеуметтік шараларға жауапты комиссия |
| III апта 21-26 | Мектеп жанындағы тынығу лагерінің жұмыстарын бақылауға алып отыру<br>Ж: ТЖО | | | | Жоспарға сәйкес ұйымдастыру | | |